

## Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Ақтас бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 207 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 шілдеде № 7247 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Ақтас бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Ақтас бұлағының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Күршім ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жузеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркесіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

### " К Е Л И С И Л Д И "

Қазақстан

Республикасы

Экология, геология

және табиғи ресурстар

министрлігі

Су

ресурсстары

комитетінің

Су ресурстарын

пайдалануды

реттеу

және қорғау жөніндегі

Ертіс

бассейндік

инспекциясының

басшысының

міндетін

атқарушы

Е.

Камбаров

2020 жылғы "\_\_\_"

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2020 жылғы 23 маусымы № 207

қаулысына қосымша

### Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Ақтас бұлағының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

| Су объектісі, оның участкесі | Су қорғау аймақтары       |                 |                    | Су қорғау белдеулері |                 |                 |
|------------------------------|---------------------------|-----------------|--------------------|----------------------|-----------------|-----------------|
|                              | Ұзындығы, км              | Ауданы, га      | Ені, м             | Ұзындығы, км         | Ауданы, га      | Ені, м          |
| 1                            | 2                         | 3               | 4                  | 5                    | 6               | 7               |
| Ақтас<br>он<br>сол жағалау   | бұлағы<br>жағалау<br>4,41 | 2 , 4 7<br>4,41 | 1 6 3 , 7<br>204,2 | 5 0 0<br>500         | 3 , 7 3<br>3,96 | 2 8 , 5<br>29,4 |
|                              |                           |                 |                    |                      |                 | 7 5<br>75       |

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.